

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ БОЛАШАҚТЫҢ ТІРЕГІ

Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн.

М. ЖҰМАБАЕВ

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне аса мән берген. Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгінгі де, оның болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан да қазіргі таңда қоғамның алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Я.А. Коменский «Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек», «Келесі ғасырдық қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние - даналардың көптігімен бақытты» - деген ойлар айтты. Осы ойларын «Ана мектебінің кіріспесінде өрбітеді.» Тәрбие - адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» - деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу - «ғылыми білім»;
- заттардың және өзінің қожасы ету - «адамгершілік»;
- құдайға, заттарға құлшылық ету -



«діни тәрбие»;

- тән саулығы - «дене тәрбиесі».

И.Г. Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген:

Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...» (Әл – Фараби) – дегендей балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс. Яғни, бала тәрбиесі отбасы, ошақ қасынан басталады. Отбасында алған тәрбиесі баланың адам болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Адам баласының бүкіл адами қасиеттері отбасында беріліп, бүкіл ғұмырына негіз болады. Отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің сақталуы, о бастан қастерлеп келе жатқан отбасылық құндылықтарымыздың бағасы төмендеп бара жатқаны жасырын емес.

**Тоқтабек Айжан,
Отуншиева Айттолқын М.Әуезов
атындағы ОҚУ-нің «Стандарттау және
сертификаттау» кафедрасының аға
оқытушылары**